


Бекітемін
«Ақбота бобекжай-бақпасы» МКҚК
менгерушісі:  К. Қыркымбаева



«Жасыл шырша жанында!»

(Ертеңгілік)

Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы

Орындаған: Өміртайқызы.Д

Жуантөбе ауылы 2022-2023 оқу жылы.

Жүргізуші: Балалар карандаршы біздер ертегі әлеміне келіп қалыппыз
ғой, мына жерден нені көріп тұрсындар?

Балалар: Шыршаны, аңдарды

Жүргізуші: Ендеше біз осы жерде Жаңа жыл мерекесін тойлайық!

Құрметті ата-аналар, қонақтар сіздерді келе жатқан Жаңа жыл
мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл әрбіріңіздің
отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке
алып келсін!

Жүргізуші: Ой, балалар мұнда кім жүр?

Балалар: Бауырсақ

Бауырсақ: Балалар, Аяз ата сендерге әкеле жатқан сыйлықтар салынған
қоржынды жоғалтып алыпты, сендер көрген жоқсындар ма?

Балалар: Жоқ, көрмедік

Бауырсақ: Мен онда басқа жерлерден іздеп келейін

Қоян: Мен қоянмын, қорқақтау

Кішкене тілім шорқақтау.

Балалар, Бауырсақты көрдіңдер ме?

Балалар: Жоқ

Жүргізуші: Ой, қоян, сен бауырсақты іздеп жүргенше, бізбен бірге

Жаңа жылды қарсы ал! Біздің балалар керемет өнерлерін
көрсетеді!

Қоян: Әнді сүйіп тыңдаймын,

Бірге айтсақ шыңдаймын!

Хор: «Шырша жыры!»

Жүргізуші: Мынау кім екен?

Қасқыр: Кім дегенің қалай?Ең батыл, ең мықты, ең шапшаң

Ол мен – Қасқырмын

Жүргізуші: А, солай ма? Осында қалай келіп қалдың?

Қасқыр: Мен жай жүрмін, сендердің мерекелеріңе әдейілеп келдім.

Балалар, сендер Бауырсақты көрген жоқсыңдар ма?

Балалар: Жоқ, көрмедік

Жүргізуші: Ал, сен Бауырсақты қайтейін деген едің?

Қасқыр: Жай, менің қарным ашты, ой айтып қойыппын ғой!

Жүргізуші: Сен оданда бізбен бірге Жаңа жылды тойла

Балалар, сендер қасқырға такпақтарыңды айтып беріңдерші

1.Мырза: Келді міне, Жаңа жыл

Қарсы алайық бәріміз!

Күліп ойнап, би билеп,

Ән салайық бәріміз!

2.Нұрқанат: Бақша іші мереке,

Ойын, күлкі, асқақ ән

Құт әкелсін, Жаңа жыл!

Мерекені бастаған!

3.Аяла: Жасыл желек жамылған,

Асыл моншақ тағынған

Міне, сұлу шыршамыз,

Көптен күтіп сағынған!

4. Аяжан: Жаңа жылым мол болсын,

Басқан қадам оң болсын!

Төрле, төрле, Жаңа жыл!

Бізге құтты жыл болсын!

Әңгіме

5. Раяна: Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген

Қандай әсем шыршамыз,

Ән шырқайық, баршамыз!

Аю: Балалар қыста жейтін азығым таусылып қалды. Сендер Бауырсақты көрген жоқсыңдар ма?

Балалар: Жок, көрмедік

Аю: Сендер неге әдемі болып киініп алғансыңдар?

Балалар: Біз Жаңа жыл мерекесін тойлап жатырмыз

Жүргізуші: Оооой Аю, қараңызшы біздің балалар әп-әдемі киініп алған, себебі олар Жаңа жыл мерекесін тойлап жатыр!
Келіңіз, төрлетіңіз! Балалардың әдемі биімен көңіліңізді көтеріңіз!

Би: «Жаңа жыл!»

Орындайтындар: Мариям, Бірбол, Төренұр

Аяла, Нұрай, Әмір, Хадиша, Аяжан

Түлкі: Маған жетер ешкім жоқ,

Мен сұлуымын орманда!

Балалар Бауырсақты көрдіңдер ме?

Балалар: Жок, көрмедік

Бауырсақ : Тимеші маған, жемеші мені, мен жаңа жылды тойлауға келдім.

Түлкі: Жок, мен сені жеймін

Жүргізуші: Түлкі, сен бауырсақты жеме, оданда Жаңа жыл шыршасына қарашы, мұнда аңдар, балалар жиналған, кел бірге тойлайық!

Балалардың әдемі билерімен көңіліңізді көтеріңіз!